

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2022 жылғы 27 сәуіріндегі ҚАУЛЫСЫ

1. Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдинаның «2022/23 оқу жылына бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша білім алушыларды қабылдау үшін білім беру бағдарламаларын бекіту және бакалавриаттың Білім бағдарламаларының жаңа құрылымы туралы» ақпараты тыңдалып және талқыланып, Комитеттің комиссиясының қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 1) 2022/2023 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға және ақылы негізде білім алушыларды қабылдауға арналған конкурсқа қатысу үшін бакалавриат, магистратура және докторантура 40 білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі бекітілсін;
- 2) 2022/2023 оқу жылына арналған 378 оқу жұмыс жоспарлары бекітілсін;
- 3) 2022/2023 жылғы қабылдау студенттері үшін ЖББП циклі мен педагогикалық модуль пәндерін бөлу кестесі бекітілсін;
- 4) кафедра меңгерушілері мен ПОҚ бойынша оқытуды ұйымдастыру үшін оқу жоспарының құрылымы бекітілсін.

2. Тестлеу орталығының директоры Д.Н.Исабаеваның Байқау Ұлттық біліктілік тестлеудің (ҰБТ) нәтижелері туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, Комитеттің комиссиясының қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

Институт директорларына, кафедра меңгерушілеріне:

- кафедраның және институттың рейтингін анықтау параметрлерінің бірі ретінде ҰБТ нәтижелері болып енгізілсін; (мерзімі – 2022 жылдың 01 тамызына дейін)
- Білім беру бағдарламасының педагогикалық цикл пәндері «Педагогика, оқыту әдістемесі» пәнінің мазмұны ҰБТ тақырыптарымен сәйкестендірілсін (мерзімі - 2022 жылдың 15 маусымына дейін);
- педагогикалық мамандықтағы бітіруші курс студенттерін ҰБТ-ға 3 курстан бастап дайындау басталсын (мерзімі - 2022 жылдың 01 қыркүйегіне дейін);
- білім алушылар үшін білім беру қызметтерін көрсету шарттарына ұлттық біліктілік тестіне міндетті түрде қатысу енгізілсін;
- педагогикалық мамандықтағы бітіруші курс студенттерін Ұлттық біліктілік тестілеуге дайындау мақсатында кафедрада арнайы іс-шаралар жоспары бекітілсін (мерзімі -2022 жылдың 01 қыркүйегіне дейін);
- педагогикалық мамандықтағы бітіруші курс студенттерін Ұлттық біліктілік тестілеуге дайындау мақсатында <http://www.testcenter.kz/ru/> сайтындағы педагогтарға арналған «Ұлттық біліктілік тестілеу» бетіндегі ақпараттармен таныстырылсын (мерзімі - 2022 жылдың 01 қыркүйегіне дейін);
- педагогикалық мамандықтағы бітіруші курс студенттерін Ұлттық біліктілік тестілеуге дайындауға арналған оқу-әдістемелік кешендерімен (оқу пәндері, педагогика, оқу әдістемесі) кітапханалары жабдықталсын (мерзімі - 2022 жылдың 01 қыркүйегіне дейін);
- Ұлттық біліктілік тестілеуінің талаптары бойынша педагогикалық мамандықтағы бітіруші курс студенттерін дайындаудың ақпараттық жүйесі әзірленсін (мерзімі -2022 жылдың 01 шілдеге дейін);
- педагогикалық мамандықтағы әрбір Институт сайтында бітіруші курс студенттерін Ұлттық біліктілік тестілеуіне дайындау үшін контент әзірленсін; (тест спецификациясына сәйкес бейне лекциялар, тест тапсырмаларының базасы) (мерзімі - 2022 жылдың 01 қыркүйегіне дейін).

Институт директорларына:

- 28 мамырға дейін арнайы кесте бойынша Ұлттық біліктілік тестлеуге дайындық жүргізілсін;
- мамандықтардың пән оқытушыларының, педагогика пәнінің оқытушыларының, әдіскер оқытушылардың, кафедра менгерушілерінің және Институт директорларының жауапкершілігі арттырылсын;
- педагогикалық мамандықтардың білім сапасын арттыру жұмыстары жүргізілсін және бітіруші курс студенттерінің педагогикалық (өндірістік) практикасы тек Алматы қаласында жүргізілсін; (мерзімі - 2022 жылдың 01 қыркүйегіне дейін);
- студенттердің білімін бағалау жүйесі BELL CURVE (бағалауды бөлу кысығы) негізінде қайта қаралсын (мерзімі - 2022 жылдың 01 қыркүйегіне дейін).

3. Ғылыми кітапхананың директоры *Н.Ж.Имансыдықованың* Ғылыми кітапхананың 2021 жылғы жасалған жұмыстары жайлы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Комитеттің комиссиясының қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

Ғылыми кітапхананың 2021 жылғы жасалған жұмыстары жайлы ақпарат назарға алынсын.

4 «Ұлағат» баспаханасының жетекшісі *Т.А.Әлиасқаровтың* Ұлағат баспасының 2021 жылғы жасалған жұмыстары жайлы сөзін тыңдап, талқылап, Комитеттің комиссиясының қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- Ұлағат баспасының 2021 жылғы жасалған жұмыстары жайлы ақпарат назарға алынсын.

5. Әртүрлі.

6. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор *М.А.Бектемесовке* жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Д. Билялов

Ж. Битибаева